

**"Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 474 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 790 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 474 "Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3159 тіркелген, 2015 жылдың 30 сәуірінде "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Н.Катаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Қ.Нұртайға жүктелсін.

*Қала әкімі*

*Ғ. Әбдірахымов*